



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№35 (995) Сәрсенбі 16 қыркүйек 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР САЛАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, Мемлекет басшысының цифрлық активтер индустриясын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы қаралды. Отырысқа облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев секторлық режимде қатысты. Одан кейін өткен мәжілісте күн тәртібіндегі және әлеуметтік көмектің атаулылығын қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты талқыланды.

Аймақта мемлекеттік қызметтер, білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, IT, өнеркәсіп және көлік-логистика салаларын цифрландыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Мамыр айынан бастап енгізілген цифрлық активтер айналымын реттеу шаралары Ұлттық Банкімен және орталық атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының әлеуметтік көмектің шын мәнінде мұқтаж азаматтарға бағыттау жөніндегі тапсырмасына сәйкес, республикалық бюджеттен көрсетілетін 14 әлеуметтік көмек түрінің құқықтық актілеріне скоринг жүйесі енгізілді. Аталған жүйе цифрлық карта арқылы отбасылардың

әлеуметтік жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Цифрлық картада әлеуметтік жағдайы жақсы және қанағаттанарлық деп бағаланатын А және Б санатындағы отбасылар бойынша верификация жүргізу қажет. Бұл жұмысты 20 қыркүйекке дейін аяқтау тапсырылған.

Қазіргі таңда облыстың цифрлық картасында 221 341 отбасы немесе 850 747 адам туралы мәлімет қамтылған. Оның ішінде верификациядан өткізілуі тиіс 25 689 отбасы анықталған. Тапсырманы белгіленген мерзімде сапалы орындау үшін аудан және қала әкімдіктеріне күнделікті меже көрсетілген тиісті кесте бекітіліп жолданды. Бүгінде жұмыс осы жоспарға сәйкес жалғасуда.

КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ



Президент саябағында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен коммуналдық мекемелерге 37 арнайы техника табысталды. Аймақ басшысы сала еңбеккерлерін құттықтап, игі тілегін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей: «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан» – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз». Президентіміздің бұл игі бастамасы аясында Сырдың бас шаһары – Қызылордада ауқымды жұмыс жүйелі атқарылып келеді. Аймақ тұрғындары да елді мекендердің тазалығы мен көркеюіне ерекше үлес қосуда. Туған өлкеміз өзге өңірлерге үлгі болып, тазалық жаршысы атанды. Осы шара тек тазалықты ғана емес, елдіктің белгісін, ауызбірлік пен ынтымақты паш етті. Бұл –

біздің нағыз жасампаз мекен екеніміздің айқын айғағы», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйледі. «Таза Қазақстан» бағдарламасын өңірде нәтижелі жүзеге асыруға белсене атсалысып, қаланың тазалығы мен көркеюіне үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерге облыс

әкімінің Алғыс хаты табысталды. Бүгін берілген 37 арнайы техниканың 32-сі «Қызылорда тазалығы» мекемесінің иелігіне өтті. Олардың 15-і – қатты тұрмыстық қалдық тасу көлігі, 5-еуі – қысқы және жазғы мезгілге арналған аралас қызмет техникасы және 12-сі көше тазалығына арналған.

Ал «Қызылорда су жүйесінің» автопаркі вакуумдық ассенизаторлармен және жылжымалы жөндеу техникаларымен толықты. Озықтехникалар коммуналдық саланың жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыра түседі.

Айта кетейік, кейінгі жылдары барлық саланың материалдық-техникалық жағынан жарактандыруға ерекше басымдық берілді. Жаңа автобустар алынып, қоғамдық көлік мәселесі шешілді. Мектеп оқушыларын тасымалдауға автобустар, денсаулық сақтау саласына жедел жәрдем көліктері сатып алынды.

Сонымен қатар орман шаруашылығы, ветеринария салаларына және құқық қорғау органдарына қызметтік автокөліктер берілді. Қалалық коммуналдық қызметтерге де жан-жақты қолдау көрсетілуде. Төрт жылдың ішінде облыстық бюджеттен 3,1 млрд теңге бөлініп, заманауи үлгідегі 82 арнайы техника алынды.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2027 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

«ІҢКӘР СЕЗІМ» КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ



Қала күні» мерекесіне орай бір айлық іс-шаралар легі бастау алды. Соның аясында Қызылорда «Жастар театры» III маусымын ашып, көрерменге «Іңкәр сезім» музыкалық қойылымын ұсынды.

Театр – өнердің барша түрі тоғысатын, адам жанына ой салып, сезімін тербейтін киелі мекен. Бүгінгі кеш те қала мәдениетінің жаңа тынысын танытатын, өнерге құрмет пен көрерменге деген ықыласты тоғыстырған ерекше салтанат болды.

Қызыл кілем үстімен Сыр елінің мақтаныштары – өнер майталмандары, көрерменнің сүйікті әртістері, осы маусымның басты кейіпкерлері мен құрметті қонақтары жүріп өтті. Атап айтатын болсақ, «Қызылорда қалалық Жастар театрының» көркемдік жетекшісі әрі негізін қалаушы ақын, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмаханов және «Жастар» театрының әртістері.

Сондай-ақ, еліміздің әр өңірінен келген театр және кино майталмандары – Әсет Иманғали, Ержан Жарылқасынұлы, Данияр Базарқұлов, Жұмат Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының бір

топ әртістері және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хүсейін Әмір-Темір Бастаған Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының актерлары мен өнер шеберлері.

Театрға келген көрермендер Берік Ахмедтің «Іңкәр сезім» атты музыкалық қойылымын тамашалады. Шынайы махаббатқа толы қойылымда сезім мен сенім, асқақ арман, биік мақсат ұғымдары көркем түрде бейнеленді. Адам өміріндегі мейірім мен ізгілік құндылықтары дәріптеліп, отбасы қадірі мен адамдық қасиеттердің маңызы ұсынылды.

«Іңкәр сезім» қойылымы бір ғана оқиғаны баяндап қоймай, көрерменді адамның ішкі жан дүниесіне үңілдіретін, жүрекке жақын сезімдерді сахна тілімен жеткізетін таңғажайып туынды болды. Қойылым барысында көрермен жанды дауыста орыдалған әндер, би, поэзиялық шығармалар мен монологтарды тамашалай алды.

Әсерлі сахналық көріністер музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалып, қойылымның көркемдік мазмұнын аша түсті.

СЫР ЕЛІНІҢ ТАРТУЫ – ЕЛОРДАҒА

Астана қаласына Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдері тиелген керуен жолға шықты. 19-20 қыркүйек күндері елордада Қызылорда облысының тауарондірушілері қатысатын дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

Арқа төрінің тұрғындары мен қонақтарына Сыр өңірінің брендін айналып ақ күріш, дарияның дәмді балығы, табиғи ас тұзы, балдай тәтті қауын-қарбыз, ұлттық сусындар және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері ұсынылады.

Сыр елінен елордаға 100 жүк көлігіне тиелген 600 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі жеткізіліп, жәрмеңкеге 100-ге жуық диқан мен тауарондіруші қатысуда.

Атап айтқанда, 230 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет өнімдері, 30 тонна балық өнімдері, 280 тонна бақша өнімдері, 30 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидектер, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері, 5 тонна ас тұзы жеткізіледі.

Сонымен қатар, елордалықтарға Сыр елінің өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылады.





СТУДЕНТТЕРГЕ ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

«Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ олардың құқықтық және цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында «Болашақ» университетінің «Bolashak Hall» студенттер сарайында «Заң мен тәртіп – қауіпсіз қоғамның негізі» тақырыбында студенттермен кездесу өтті.

Іс-шараға Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Тоқтыбаев Серік Әбдімәуленұлы, Қызылорда облысы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы полиция полковнигі Жаукеев Ерлаулет Баянбайұлы, облыс прокурорының көмекшісі толмағандар жөніндегі аға көмекшісі Байкенже Дінахмет Алмасбекұлы, Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» теолог маманы Оспанов Бахтияр Есенгелдіұлы, «Жастар Рухы» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Баймұрза Әсетхан Қазиханұлы, Полиция департаменті облыстық Профилактикалық кеңесінің мүшесі, блогер, контент-мейкер Балтақожа Олжас Айтқожаұлы, Қызылорда облыстық білім басқармасының «Қызылорда облыстық психологиялық колдау орталығы» КММ директоры Баянова Жумагүл Тасболатқызы және өзгеде Полиция департаментінің сала басшылары қатысты.

Жиынға университеттер мен колледждерден 1200-ге жуық студент қатысып, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Кездесудің негізгі мақсаты – жастар арасында заң мен тәртіп құндылықтарын насихаттау, құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың, есірткі қылмысының және интернет-алаңдықтың алдын алу, сондай-ақ қауіпсіз орта қалыптастырудағы жастардың жауапкершілігін түсіндіру.

Жиында Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Тоқтыбаев

Серік Әбдімәуленұлы сөз сөйлеп, қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар киберқылмыстың негізгі түрлері, интернет желісінде жиі кездесетін алаяқтық схемалар, жеке деректер мен қаржылық ақпаратты қорғау тәсілдері туралы түсіндірді.

Сондай-ақ дроппер ретінде заңсыз әрекеттерге қатысканы үшін көзделетін қылмыстық жауапкершілікке ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, банктік карталарды, шоттарды немесе электрондық әмияндарды үшінші тұлғаларға беру секілді әрекеттердің құқықтық салдары түсіндірілді. Мұндай әрекеттердің қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін екені ескертілді.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, студенттер мамандарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Атап айтқанда, кибералаңдыққа тап болған жағдайда не істеу керек, құқық бұзушылықтың куәсі болған кезде қайда хабарласу қажет және жастардың заң алдындағы жауапкершілігі қандай деген сауалдар талқыланды.

Іс-шара соңында жастар заңды құрметтеу, құқық бұзушылыққа жол бермеу, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, есірткіден аулақ болу және қауіпсіз қоғам қалыптастыруға өз үлесін қосу жөніндегі ортақ ұстанымдарын білдірді.

Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, заңға құрметін қалыптастыруға және қоғамдағы қауіпсіздікке деген жеке жауапкершілігін нығайтуға бағытталған.



САРБАЗДАР ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасында 2026 жылдың күзгі шақырылымы аясында мерзімді әскери қызметке аттанатын жергілікті жастарды салтанатты түрде шығарып салу рәсімі ұйымдастырылды. Шараны Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының басшысы, подполковник Е. Абдуллаев ашып, болашақ сарбаздарға Отан алдындағы борышты абыроймен атқарудың маңыздылығын атап өтті. Салтанатты жиынға Қызылорда қалалық әкімдігінің өкілдері, жұмылдыру бөлімінің бастығы, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің офицерлері, Қарулы Күштер мен Таулы Қарабақ қақтығысының ардагерлері, ата-аналар, сондай-ақ 5547 әскери бөлімінің офицері қатысты. Жиында сөз алған қонақтар шақырылушыларға сәт-сапар тілеп, әскери антка адал болуға және мемлекеттің қауіпсіздігін сақтауда сапалы қызмет атқаруға шақырды.

Шара аясында болашақ сарбаздардың әскери іске деген қызығушылығын арттыру мақсатында заманауи қару-жарақ пен әскери техниканың арнайы көрмесі ұйымдастырылды. Шақырылушылар қару түрлерімен жақыннан танысып, оларды қолмен ұстап көру арқылы алдағы әскери өмірдің тыныс-тіршілігін алғашқы күннен бастап сезінді.

Ақгүл БЕРДИБАЕВА,
Әскери қызметті насихаттау,
тәрбие және идеологиялық
жұмыстар жөніндегі инспектор

СОТ ЗАЛЫНЫҢ СЫРТЫНДАҒЫ «МҮМКІНДІК»

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әр кезде дау-дамайды шешудің балама тәсілдерін дамыту қажеттігін айтып келеді. Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту – маңызды да ықпалдылықты қажет ететін саланың бірі. Бүгінде қоғамда дауды азайту, халықты әуре-сарсаңға салмау және соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттан тыс реттеу институттары дамытылуда. Қазақтың би-шешендері ерте кезден-ақ кез келген дау-жанжалға, төрелік айтып, таразы басын тең ұстап, «Арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей», дауды екі жақтың да пайдасына теңдей шешкен.

Дауды шешудің баламалы тәсілдері ретінде қазіргі уақытта кеңінен тараған медиация рәсімі мен татуласу келісімін атауға болады. Қылмыстық сот төрелігінде сот істерінің шамадан тыс көп болуы, шығынның өсуі және тараптардың наразылығы секілді мәселелерді болдырмау үшін баламалы тәсіл ретінде медиативтік келісімді қолдану өте тиімді. Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері көзделген. Аталған баптың бірінші бөлігінің талабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан

босатылуға жатады. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша медиация ел заңдарында белгіленген сотқа дейінгі және сот ісін жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу мерзімінде жүзеге асырылады. Алайда, бірнеше рет қайталап жасалған немесе ірі мөлшерде жасалған жағдайда ол ауыр қылмыс болып табылады. Мұндай жағдайда залалды өтеп, татуласқан жағдайда да қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жол берілмейді.

Медиацияның көптеген артықшылығы бар, бірақ қылмыстық істердің бәріне сәйкес келмейді. Мәселен, адам өлімі, жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыс жасағандарға медиация қолданылмайды. Татуластыру рәсімі негізінде келісімге келген тараптар өзара туыстық, іскерлік, сыйластық қарым-қатынасын



сақтап қалады. Тараптар қаржысын үнемдеп, артық шығыннан арылады. Уақыт жағынан да ұтымды нәтижеге қол жеткізеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жүргізілетін медиацияның өз ерекшелігі бар. Қылмыстық істе тараптардың медиация туралы шарт жасасуы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрмайды. Медиацияға қатысу фактісі медиация тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының кінәні

мойындауының дәлелі бола алмайды.

Бітімгерлік рәсіміне алғашында сенімсіздікпен, үрке қараған халықтың бүгінде өздері ынта білдіріп, дауды жылдам әрі екі жаққа да тиімді шешуге тырысатыны қуантады. Ұрлық жасау, материалдық, моральдық зиян келтіру, қарыз өндіру істері бойынша да екі жақ ымыраға келіп, бір-біріне кешіріммен қарап, соттан қол алысып шығады. Бұл өз кезегінде қылмыстық іс бойынша жазаға тартылатын азаматтар қатарын азайтса, екіншіден, қоғамды тәрбиелеп, кешірімшіл болуға жетелейді.



АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ АЛДАЙДЫ?

Алаяқтар арбауына түсіп жатқан адамдар аз емес. Әдетте қылмыскерлер әлеуметтік желіге жалған хабарландыру орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Осылайша интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы қылмыс жасау белен алу. Интернет мүмкіндігін онтайлы пайдаланған алаяқтар әдіс-тәсілін күн сайын өзгертіп, жанартып отырады. Компьютер, смартфон, планшет бар адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айналатынын ескертеміз.

Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Әсіресе, Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалады. Кім, автобөлшек, күнделікті тұрмыс заттарын сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты меңгерген. Азаматтар құжатының көшірмесін пайдаланған интернет алаяқтар құрбанының атынан несие рәсімдеп, жәбірленушілер ешқандай дәлелдеме ұсына алмаған соң, несиеіні өздері төлеп шыққан фактілер де аз емес.

Одан басқа, кейбір интернет бағдарламаларды смартфон не компьютерге көшіргенде олардың қаншалықты қауіпсіз екендігін

білген жөн. Кейбіреулері, мысалы AnyDesk бағдарламасы арқылы, алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оп-онай кіріп, әртүрлі операциялар жасау арқылы азаматтардың қаражатын шешіп алып жататыны анықталған. Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталар мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламау, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеу, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымын жүзеге асырмау, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпау, кез келген сілтеме бойынша өтпеу, спам хабарламаларға сенбеу маңызды. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғай алады.

САЙЫС ӨТТІ

Сырдария ауданында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді жаңғырту мақсатында «Күбі піскен – айран, майы шыққан – ырыс» тақырыбында әйел-аналар арасында сайыс өтті.

Сайысқа ауданға қарасты он елді мекеннен әйел-аналар қатысып, күбі пісу және май алу өнерінен бақ сынады. Қатысушылар қазақ халқының тұрмысында ертеден қалыптасқан ұлттық тағам дайындау дәстүрлерін көрсетіп, өз шеберліктерін ортаға салды.

Сайыста Жетікөл ауылының тұрғыны Жұлдыз Пржанова топ жарып, I орынның биігін бағындырды. Ал Нағи Ілиясов ауылынан келген Аймереке Мәмбекованың еншісіне II орын бұйырды. Ақсарма ауылынан келген қатысушы Динара Ерімбетова үздік үштікті түйіндеді. Жеміспаздар мен қатысушыларға дипломдар, алғыс хаттар және бағалы сыйлықтар табысталды.

"Осындай іс-шаралар арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне тән дәстүрлер дәріптеліп, ұлттық құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беріледі", – дейді ұйымдастырушылар.



ҚҰРЫЛЫСТА САПА МАҢЫЗДЫ

Биыл Қазалы ауданында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін пайдалануға берілетін 50 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аумағында салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарын көріп, кәсіпкерлермен кездесті.

Қазіргі таңда тұрғын үйлердің шатырын жабу, ішкі әрлеу, сырлау жұмыстары жүргізілуде. Аудан басшысы кәсіпкерлерге тұрғындардың игілігі үшін берілетін баспаналарды мерзімінен кешіктірмей тезірек сапалы етіп аяқтау керектігін айтты. Ал салаға жауапты орынбасарына тұрғын үйлерді қабылдау кезінде барлық талаптарға сай болуын, алдағы уақытта тұрғындардан ешқандай шағым болмау керектігін тапсырды.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 2 пәтерлі 40 тұрғын үй сатып алынып, 80 отбасыға жана баспана табысталған болатын.

«Ел тілегі» ақпарат

ЕҢБЕК ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

Жыл бойы маңдай терін төккен дикан қауымының еңбегі ақталатын жауапты кезең басталды. Бұл – еңбек пен ырыстың сабақтастығын дәріптейтін тағылымды мереке. Осы мақсатта Ақсар ауылында ел ырысын еселеген еңбек адамдарының еңбегін ұлықтап, 2026 жылғы егін жинау науқанының басталуына арналған «Алғашқы орақ – 2026» салтанатты іс-шара өткізілді. Кездесуде аудан әкімі Жандос Еркінбек сөз сөйлеп, құттықтауын жеткізді.

– Егін егу – үлкен еңбек болса, оны ысырапсыз жинап алу – одан да үлкен жауапкершілік. Алдымызда аса маңызды егін жинау науқаны тұр. Осы кезеңде барлық шаруашылықтар мен жауапты мекемелер ұйымшылдық танытып, техникалардың дайындығына, еңбек қауіпсіздігіне және жиналған өнімнің ысырапсыз сақталуына ерекше назар аударуы қажет.

Құрметті жерлестер! Егін жинау науқаны сәтті өтіп, әрбір шаруашылықтың қамбасы астыққа толсын! Ақ күріштің

атасы атанған Сыр елінің мерейі әрдайым үстем болсын! Өнімміз мол, қамбамыз астыққа толы болсын, – деді аудан басшысы.

Қармақшы ауданы бойынша биыл 25 231 гектар жерге егіс орналастырылып, оның ішінде негізгі дақыл – күріш 11 449 гектарға егілген. Сондай-ақ су тапшылығы жағдайында суды тиімді пайдалану мақсатында 600 гектар егістік алқапта су үнемдеу технологиялары қолданылуда.

Іс-шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақсар Мерекөв пен «Ораз Ахун



ЛТД» ЖШС директоры Жомарт Жалғасбеу ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлеріне ақсарма тілектерін айтып, дикандардың еңбегін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ ауыл шаруашы-

лығы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылып, «Ақ әжелер» ансамблі мен аудан өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салса, қарияларымыз ақ батасын беріп, көптен күткен «Алғашқы орақ» рәсімі өтті.

ТОҚСАННЫҢ ТӨРІНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫР

Адам ғұмырының ұзақтығы жаспен ғана өлшенбейді. Оның шынайы салмағы артында қалдырған өнегесімен, еткен еңбегімен, өсірген ұрпағымен бағаланады. Тоқсан жастың төріне көтерілген Ыдырысова Рахима Қыпшаққызының өмір жолы – төзім мен тағылымға, еңбек пен аналық мейірімге толы тұтас бір дәуірдің шежіресі.

Рахима Қыпшаққызы 1936 жылы 30 қарашада дүниеге келген. Балалық шағы ел басына ауыртпалық түскен күрделі кезеңмен тұспа-тұс келді. Жоқшылық пен таршылықты көріп өскен сол буын ерте есейді, еңбекке ерте араласты. Қандай қиындық кездесе де мойымай, өмірдің әр сынағын сабырмен қарсы алған Рахима әже бүгінде кейінгі ұрпаққа қайсарлықтың үлгісін көрсетіп отыр.

1955 жылы Сәдуақас Ыдырысовпен шаңырақ көтеріп, отбасылық өмірге қадам басты. Ерлі-зайыптылар бір-біріне сүйеу болып, берекелі әулеттің негізін қалады. Сегіз перзент сүйіп, олардың бойына адалдықты, еңбекқорлықты және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді сіңірді. Өкінішке қарай, екі перзенті дүниеден өтті. Бүгінде екі қызы мен төрт ұлы анасының мерейін асырып, әулеттің бірлігін сақтап келеді.



Көпбалалы отбасындағы ананың тіршілігі ешқашан жеңіл болған емес. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен еңбекті қатар алып жүрген Рахима Қыпшаққызы соххозда аспаз және сатушы болып жұмыс істеді. Қай қызметте жүрсе де өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, мандай терімен адал еңбек етті. Оның қолынан шыққан ас та, адамдарға көрсеткен қызметі де ақ ниет пен ықыласқа толы еді. Еңбекқорлығы мен қарапайым мінезі оны айналасына сыйлы етті.

Рахима әженің ең үлкен байлығы – өсіп-өнген ұрпағы.

Бүгінде ол 31 немере мен 46 шөбере сүйіп отырған ардақты ана, аяулы әже. Әрбір немересі мен шөбересі – оның өмірінің жалғасы, жүрегінің бір бөлшегі. Бір кездері өзі әлділеген бесіктің үні бүгінде үлкен әулеттің шат күлкісіне ұласқан. Тоқсан жыл – бір адамның ғана ғұмыры емес, тұтас бір ғасырдың куәгері боларлық кезең. Осы жылдар ішінде заман да, қоғам да, адамдардың тұрмысы

да сан рет өзгерді. Бірақ Рахима Қыпшаққызының бойындағы аналық мейірім, еңбекке адалдық пен отбасыға деген жауапкершілік өзгерген жоқ. Ол – «Батыр ана» атанған ардақты жаң, тыл ардагері, әулетінің алтын дінгегі. Бүгінде Рахима әже үлкен келіні және немере келінімен бірге тұрып, ұрпағының ортасында ғибратты ғұмыр кешуде.

Оның әрбір айтқан әңгімесі – тарих, әрбір ақылы – өмірден алынған сабақ, әрбір батасы – ұрпаққа берілген рухани аманат. Тоқсанның төріне абырумен жету – Жаратқанның адамға берген үлкен сыйы. Ал сол жасқа дейін адал еңбек етіп, бала тәрбиелеп, әулет өсіріп, елдің құрметіне бөлену – мағыналы ғұмырдың айқын белгісі.

Құрметті Рахима Қыпшаққызы! Тоқсан жылдық мерей-тойыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, ғұмырыңызға береке тілейміз. Ұл-қыздарыңыздың қызғыны, немере-шөберелеріңіздің қуанышын көріп, ақ батамен әулетіңізді тербетіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

Сіздің өміріңіз – ұрпаққа үлгі, еңбегіңіз – елге өнеге, ал аналық мейіріміңіз – бәр әулеттің мәңгі сөнбейтін шырағы.

Гүлсім АҚЖПТ

ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Қоғамдық тамақтану- тамақ өнімдерін өндірумен, қайта өңдеумен, өткізумен және пайдалануды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет.



Тамақтану нысандарында қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Жұмысқа керекті өндірістік үстелдер, бөлшектеу мүкәмалдары, ас үй ыдыстары әріптік және түстік таңбалаумен таңбаланады. Жарықшағы бар шеті ұрылған, қалпы бұзылған ыдыстарды қолдануға болмайды. Әрбір технологиялық операциядан кейін бөлшектеу мүкәмалы, ыдыс-аяқ механикалық жолмен тазартылып, жуу құралдарын қолдану арқылы ыстық сумен жуылып, ыстық ағын сумен шайылады. Етті шабу үшін бөлшектеу тактайшалары, дінгектер беті тегіс және саңылаусыз тактайшалар пайдаланылады. Күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін ағаш дінгектерді тазартылып, түз себіледі. Тамақ қалдықтары жабдылатын таңбаланған ыдысқа жиналады. Тоңазытқыш камераларның ішкі бетінде, тоңазыту жабдығының салқындатқыш ыдысында, тамақ өнімдері бар қамтамасызда қар мен мұздың пайда болуына жол бермеу. Азық-түлік шикізатын, жартылай фабрикаттарды және дайын тамақ өнімдерін бір тоңазытқыш жабдықта бірге сақтаған жағдайда өнімнің тауарлық көршілестігін сақтау. Бұл ретте дайын тамақ өнімдерін сақтау жоғарғы сөрелерде, салқындатылған етте, құс етінде, балықта, көкөністерден жасалған жартылай фабрикаттарда - төменгі сөрелерде сақталады.

Тағам, ұннан жасалған аспаздық және кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде темір тапшылығы мен йод тапшылығы ауруларының алдын алу мақсатында йодталған ас тұзы және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен және басқа да заттармен байытылған (фортификацияланған) жоғары және бірінші сұрыптағы бидай ұны пайдаланылады. Мынадай тамақ өнімдерін: ластанған немесе қабығы зақымдалған жұмыртқаларды, сондай-ақ сальмонеллез бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған жұмыртқаларды; суда жүзетін

құстардың жұмыртқаларын және олардан тағам дайындауға ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі бойынша қолайсыз, сондай-ақ бастапқы өңдеуден және пастерлеуден өтпеген шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдерін; пастерленбеген сүттен жасалған сүзбені; өнеркәсіптік емес (үйде дайындалған) дайындалған герметикалық қаптамадағы көкөніс, ет, балық, саңырауқұлақ консервілерін, сондай-ақ банкарлардың герметикалығы бұзылған консервілерін, бомбаждау, «хлопуши», тот басқан, пішіні бұзылған банкарларды; зиянкестерімен залалданған жарманы, ұнды, кептірілген жемістерді қабылдауға және пайдалануға жол берілмейді. Өзіндік иісі бар тамақ өнімдерін бөгде иісті қабылдайтын, сіңіретін тамақ өнімдерінен бөлек сақтау, тасымалдау керек.

Тамақтану объектілерінде: жәндіктер мен кеміргіштердің болуына; дезинсекция және дератизация жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде өндірістік үй-жайларда тамақ өнімдерін сақтауға және дайындауға; дезинсекция және дератизация жүргізу кезінде келушілер мен персоналдың болуына жол берілмейді.

Тамақ өнімдерін қабылдау кезінде оның қадағалануын қамтамасыз ететін тауардың ілеспе құжаттарымен, қауіпсіздігін растайтын, сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжаттары болғанда қабылдау. Тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауардың ілеспе құжаттарында өнімнің дайындалған уақыты мен күні, сақтау температурасы және жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

Тамақтану объектісінің жұмыскерлері жеке және өндірістік гигиенаны сақтау, қолдарының таза болуын қадағалап, таза арнайы киім мен аяқ киім киюін қамтамасыз ету. Жұмыстың басталуы алдында шаштарын қалпақ немесе орамал астына жинау, зергерлік ешекейлерін, сағаттарын және басқа сынаптың заттарды шешу, тырнақтарын қысқартып алу және оларды лақпен боямау, ер персонал – сақал (мұрт) болса, оларға арналған тор киюі керек.

Тамақтану объектілерінде, міндетті, профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған, медициналық қарап-тексеруден және гигиеналық оқытудан өткенін куәландыратын құжаты жоқ адамдар жұмысқа жіберілмеуі керек.

Жанар ПЕРМЕБАЙҚЫЗЫ,
Сырдария аудандық СЭББ
жетекші маманы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен көзделген құқық бұзушылық әрекеті бойынша А. - га қатысты іс қаралған.

Іс материалдарымен анықталғандай, 69 жастағы құқық бұзушы А. жолаушылар пойызының вагонында өзімен бірге жолаушы болып келген жәбірленуші Ж. -ға түнгі мезгілде қарап жатып әдепсіз қылықтарын жасап, тиісіп, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғаның тыныштығын бұзатын әрекеттерін жасаған.

Сотта құқық бұзушы А. осы жасаған әрекеттерін мойындаған. Осылайша, құқық бұзушының әрекеті жәбірленуші Ж. -ның ішкі істер органдарына берген арызымен, жазбаша көрсетуімен, көліктегі полиция бөлімі қызметкерінің баянатымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен дәлелденген. Сот құқық бұзушы А. -ға жаза қолдануда оның егде жаста болуын ескерген.

Сот қаулысымен А. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 86 500 теңге мөлшерінде айыппұл салынған. Сот қаулысы заңды күшіне енген.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты



Ақжар ауылдық округі әкімінің
2026 жылғы « 14 » _____ 09
№_30-НҚ _____ өкіміне 1 қосымша

Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың IV- тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыләкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

Дерматомикоз аурулары туралы не білесіз?

Жазғы шомылу маусымы, спорт залдары мен бассейнге бару белсенділігі артқан кезде немесе үйде үй жануарларын асырағанда тері ауруларының қаупі де қоса артады. Бүгінде дерматолог мамандарға жүгінетін емделушілердің басым бөлігі терінің саңырауқұлақ инфекцияларына, яғни дерматомикозға шағымданады. Бұл қандай ауру, ол қалай жұғады және одан қалай сақтану керек?

Дерматомикоз деген не?

Дерматомикоз — бұл микроскопиялық саңырауқұлақтардың (микроспория, трихофития, эпидермофития және т.б.) әсерінен пайда болатын жұқпалы аурулар тобы. Бұл қоздығыштар адам ағзасының сыртқы жабынымен, атап айтқанда терінің мүйізді қабатымен, шашпен және тырнақпен қоректенеді.

Аурудың ең жиі кездесетін түрлері:

Аяқ басы мен тырнақ грибокты (микоз): Тырнақтың түсі өзгеріп, қалыңдайды, үгіттеледі, тері жарылып, қышиды.

Микроспория (теміреткі): Көбіне шашты бөлікті зақымдайды. Шаш түбінен үзіліп, теріде қабыршақтанған дөңгелек ошақтар пайда болады.

Дененің тегіс терісіннің микозы: Теріде шеттері анық, қызарған, шеңбер тәрізді қышитын дақтардың пайда болуы.

Инфекция қалай жұғады?

Дерматомикоз – өте жұқпалы ауру. Оның жұғуының негізгі екі жолы бар:

Тікелей қарым-қатынас: Ауру адаммен немесе ауру жануармен (көбіне қаңғыбас мысықтар мен иттер) тікелей жанасу арқылы. Балалардың жануарларды құшақтап ойнауынан кейін микроспория (теміреткі) жиі дамиды.

Жаңама жол (Тұрмыстық): Ортақ заттарды пайдалану арқылы. Мысалы, біреудің аяқ киімін, сүлгісін, тарағын, киімнің кию, сондай-ақ бассейн, монша, спорт залдары сияқты ылғалды қоғамдық орындарда жалаң аяқ жүру.

Мамызды фактор: Саңырауқұлақ споралары қоршаған ортада өте төзімді. Алайда, олар иммунитеті төмен, терісінде жарақаттары немесе сызаттары бар, сондай-ақ аяғы көп терілейтін адамдардың терісіне тез өсіп-өнеді.

Алдын алу шаралары: Өзіңізді қалай қорғайсыз?

Дерматомикозды емдеу ұзақ уақытты (бірнеше аптадан бірнеше айға дейін) талап етеді. Сондықтан ауруды жұқтырмаудың алдын алу әлдеқайда тиімді. Ол үшін мына ережелерді қатаң сақтау қажет:

Жеке гигиена: Ешқашан бөтен адамның аяқ киімін, шұлығын, киімін кімнің және тарағын, сүлгісін пайдаланбаңыз.

Қоғамдық орындардағы сақтық: Монша, сауна, бассейн немесе спорт залының киім ауыстыратын бөлмесінде ешқашан жалаң аяқ жүрмеңіз, өзіңізбен бірге резеңке тапшық (сланец) алып жүріңіз.

Аяқ күтімі: Аяқ киіміңіздің іші құрғақ әрі таза болуын қадағалаңыз. Синтетикалық шұлықтардан бас тартып, мақтадан (хлопок) жасалған шұлықтар киіңіз. Аяқ қатты терлесе, арнайы сепшелерді (тапк) немесе дезодоранттарды қолданыңыз.

Үй жануарларымен қарым-қатынас: Балаларға көшедегі қаңғыбас мысықтар мен иттерді ұстауға рұқсат бермеңіз. Үйдегі жануарлардың терісінде түгі түскен күдікті дақтар пайда болса, дереу ветеринарға көрсетіңіз.

Маникюр мен педикюр қауіпсіздігі: Сұлулық салондарына барғанда шебердің құрал-саймандары қалай дезинфекцияланып (стерилизделу) мән беріңіз. Жеке құралдарыңызды пайдаланған тіпті жақсы.

Емді өз бетіңізбен жасаманңыз!

Денсаулық – сіздің басты байлығыңыз. Қарапайым тазалық ережелерін сақтау арқылы теріңіздің саулығы мен сұлулығын ұзақ жылдарға сақтай аласыз.

Г.НҮРДИНОВА,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық бақылау, қызметті жоспарлау және талдау бөлім басшысы

Қоғамдық тыңдау

27.10.2026ж. Теренозек кенті, Қонаевкөшесі 8 ғимаратында сағат 15:30-да «Құмкөл Транс Сервис» ЖШС-нің «Кайнар» кен орнында МІҚ (мұнай-газ қоспасын) жинау жүйесін кеңейту. «Сарыбулақ» кен орнындағы ГТЭС (газтурбиналық электр станциясына) дейін газ құбырының желілік бөлігін монтаждау» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінекөғамдық тыңдау өткізіледі:

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары 46.03с.ш., 65.51в.д., Қызылорда облысы, Сырдарияауданы, Теренозек а.о., Теренозек кенті ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы: <https://us05web.zoom.us/j/83531134950>

Жеке конференция нөмірі: 807 662 6849

Кіру коды: 8mfXh

Тапсырыс беруші: «Қумколь Транс Сервис» ЖШС, БИН050740006290, Қызылорда қ., Желтоқсан көш. 12 , Тел.: 87774555314, Өзінрлеушілер: «Эко-Ресурс» ЖК,Қызылорда қ. Қайруллаева, 19, тел:+7 708 155 3675

Ақпараттық жүйеге және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=kz>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: ecores2026@mail.ru, +7 708 155 3675. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде на ҚОЖҚҰДБжәне prd@korda.gov.kz қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысы бойынша экология департаменті, kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 124, тел: 8-(7242)-23-00-19

ЖАО электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242) -60-53-62

Общественные слушания

27.10.2026года в 15:30 по адресу: пос.Теренозекул.Конаева 8 проводятся общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Расширение системы сбора НГС (нефтегазовая смесь) на месторождении (м/р) Кайнар. Монтаж линейной части газопровода до ГТЭС (газотурбинная электростанция) на месторождении Сарыбулак» ТОО «Қумколь Транс Сервис».

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия – 46.03с.ш., 65.51в.д., Кызылординская область, Сырдаринский район, Теренозекский.о., с.Теренозек

Ссылка на видеоконференц-связь на платформе ZOOM:

<https://us05web.zoom.us/j/83531134950>

Идентификатор конференции: 807 662 6849

Код доступа: 8mfXh

Инициатор: ТОО «Қумколь Транс Сервис», БИН 050740006290, г.Қызылорда, ул. Желтоқсан 12, Тел.: 87774555314, Разработчики: ИП «ЭкоРесурс», г. Кызылорда, ул. Кайруллаева, 19, тел: +7 708 155 3675

Ссылка на в Информационную систему и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: ecores2026@mail.ru, +7 708 155 3675. Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных на НБДСОС и prd@korda.gov.kz.

Электронный и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Кызылординской области: kyzylorda-ecoder@ecogeo.gov.kz, г.Кызылорда, улица Желтоқсан, № 124, тел: 8-(7242)-23-00-19

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62



14.09-20.09.2026

ТОҚТЫ

Апта басында ойыңыздағы аптапарларды реттеп алған жөн. Жұмыста жаңа міндет немесе жауапкершілік пайда болуы мүмкін. Қарым-қатынаста ашық сөйлесу түсініспеушілікті азайтады. Қаржыға қатысты асығыс шешім қабылдамаңыз.

ТОРПАҚ

Бұл апта сіз үшін тұрақтылық пен нәтижеге бағытталады. Еңбегіңіздің нәтижесін көретін мүмкіндік бар. Жақын адамнан қолдау аласыз. Ақша мәселесінде ұқыптылық танытсаңыз, апта соңында көңіліңіз орнығады.

ЕГІЗДЕР

Жаңа ақпарат пен қызықты ұсыныстар көп болуы мүмкін. Бірнеше істі қатар атқаруға тырысып, өзіңізді шаршатпаңыз. Қарым-қатынаста бұрын айтылмаған мәселе ортаға шығуы ықтимал.

ШАЯН

Эмоцияға берілмей, маңызды мәселелерді сабырмен шешкен дұрыс. Отбасылық жағдайлар сіздің көңіл-күйіңізге әсер етуі мүмкін. Жұмыста белсенділік танытсаңыз, жақсы нәтижеге жетесіз.

АРЫСТАН

Өзіңізге деген сеніміңіз артады. Жұмыста бастама көтеруге қолайлы кезең. Алайда өзгелердің пікірін де ескеріңіз. Қарым-қатынаста жылы әңгіме көп нәрсені орнына келтіреді.

БИКЕШ

Бұл аптада жинақылық пен жауапкершілік сізге үлкен артықшылық береді. Жұмыста маңызды істі аяқтауға мүмкіндік бар. Қаржыңызды жоспарлап жұмсаған жөн. Жақындарыңызбен жақсы жаңалық бөлісуіңіз мүмкін.

ТАРАЗЫ

Қарым-қатынастар мен келісімдер алдыңғы орынға шығады. Біреумен маңызды әңгіме жүргізуіңіз мүмкін. Жұмыста өз еңбегіңізді бағалатуға мүмкіндік бар. Бірақ артық шығыннан сақ болыңыз.

САРЫШАЯН

Ішкі түйсігіңіз бұл аптада өте жақсы жұмыс істейді. Кейбір адамдардың шынайы ниетін түсінуіңіз мүмкін. Отбасылық мәселелерге көбірек көңіл бөлу қажет. Қаржыда тәртіп сақтаңыз.

МЕРГЕН

Жұмыста кішігірім кедергілер болуы мүмкін, бірақ оларды шешуге қабілетіңіз жетеді. Бұрын елеусіз қалған адамнан пайдалы кеңес немесе ақпарат алуыңыз ықтимал. Демалысқа да уақыт қалдырыңыз.

ТАУЕШКИ

Апта сізден сабыр мен нақты жоспарды талап етеді. Кәсіби салада маңызды шешім қабылдауға қажет болуы мүмкін. Жеке өмірде тұрақтылық басым. Біреуге көмектесемін деп өз қажеттілігіңізді ұмытпаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ

Өзгерістерге бірден қарсы болмай, жаңа мүмкіндіктерге назар аударыңыз. Қарым-қатынаста ашықтық маңызды. Апта соңында көңіл-күйіңіз көтеріледі.

БАЛЫҚТАР

Сезімталдығыңыз артып, көп нәрсені жүрекпен қабылдауыңыз мүмкін. Дегенмен маңызды шешімдерді эмоцияға емес, нақты жағдайға сүйеніп қабылдаңыз. Жұмыста жүйелі әрекет етсеңіз, жақсы нәтиже күтеді.

ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ КЕҢЕЙТІЛУДЕ

12 қыркүйек - Дүниежүзілік алғашқы медициналық көмек көрсету күні. Осы атаулы күн қарсаңында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына баспасөз турың ұйымдастырды. Тілшілер жедел медициналық жәрдем бригадасымен бірге бірнеше шақыртуға барып, медицина қызметкерлерінің жұмыс барысымен танысты.

«Қызыл аймаққа» ерекше назар аударуды қажет ететін жағдайлар бойынша шақыртулар жатады. Олардың арасында созылмалы обструктивті өкпе ауруы және жүрек жеткіліксіздігі диагноздарымен диспансерлік есепте тұрған 84 жастағы қала тұрғыны да болды. Пациентте созылмалы ауруларының асқинуы байқалған. Медицина қызметкерлері электрокардиография жүргізіп, қажетті дәрі-дәрмектік көмек көрсетті. Нәтижесінде наукастың жағдайы тұрақтанды.

Жедел медициналық жәрдем фельдшері Саят Қыстаубасовтың айтуынша, шұғыл жағдайларда алғашқы минуттар көбіне шешуші рөл атқарады.

«Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын жарақаттар, күйік, құлау, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары аурулары денсаулыққа ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Сондықтан дер кезінде көрсетілген алғашқы медициналық көмектің маңызы зор. Әрбір шақырту – адамның өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілік», – деді фельдшер.

Бүгінде өңірде 70 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмыс істейді. Станцияның аға дәрігері Ляззат Медетованың айтуынша, медициналық ұйым барлық жеделдік санаттары бойынша шақыртуларды қабылдайды.

Егер бұған дейін станция 1, 2 және 3-санаттағы шақыртуларға қызмет көрсетсе, қазіргі таңда оның жауапкершілік аймағына 4-санаттағы шақыртулар да енгізілді. Оларға өмірге тікелей қауіп төндірмейтін, алайда медициналық араласуды қажет ететін жігі аурулар мен созылмалы аурулардың асқинуы жатады.

«Тәулік бойы 2 мыңнан астам өтініш қабылдаймыз, оның шамамен 600-і балаларға қатысты. Орта есеппен тәулігіне бригадалар 1 700-ге жуық шақыртуға шығалы, олардың шамамен 400 жағдайында пациенттер медициналық тексеруден кейін стационарға жатқызылады. Қызметке түсетін жүктеменің ең жоғары кезеңі – күннің екінші жартысы», – деді Ляззат Медетова.

Қор филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханованың айтуын-



ша, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда медициналық көмектің бірыңғай базалық пакеті кезең-кезеңімен енгізілуде. Ол тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында медициналық қызметтерді ажыратуды көздейді.

«Жедел және шұғыл медициналық көмек азаматтарға МӘМС жүйесіндегі сақтандырылған мәртебесіне қарамастан қолжетімді болып қала береді. Бұл адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда қажетті медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Медициналық көмек уақтылы әрі әрбір тұрғын үшін

қолжетімді болуы тиіс», – деп апта өтті Қор филиалының маманы.

Жедел медициналық жәрдем қызметтерін қаржыландыру Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тарапынан қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2026 жылға арналған сатып алу жоспарында Қызылорда облысында ТМККК аясында жедел және шұғыл медициналық көмек көрсетуге 6 млрд 814 млн теңге қарастырылған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты

МӘМС-ТЕГІ ЖИ-ҚҰРАЛДАРЫ: ХАЛЫҚҚА КЕҢЕС БЕРУ МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ АШЫҚ ЖҮРГІЗУ

Денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерді өңдеу, жекелеген процестерді автоматтандыру мен мамандарға шешім қабылдауға қолдау көрсету мақсатында жүйелі түрде қолданылатын жұмыс құралына айналып келеді. МӘМС 2.0 трансформациясы аясында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры да бірнеше бағыт бойынша ЖИ-құралдарын дамытып, сынақ жұмыстарын жүргізуде. Негізгі міндет процестерді ашық ету, қолмен атқарылатын жұмыс көлемін азайту және ықтимал тәуекелдерді ерте кезеңде анықтау.

Бірінші бағыттардың бірі – жасанды интеллект МӘМС мәселелері бойынша азаматтарға берілетін кеңестердің сапасын бақылау барысында қолдану.

ЖИ-жүйе қонырауларды талдайды, қате немесе толық емес жауаптарды анықтауға көмектеседі және қолмен тексеру үшін таңдалатын хабарламаларды қалыптастырады. Бұл ең алдымен қолмен бақылау көлемін азайтуға және мамандардың назарын қоғамсыз бағалауды талап ететін кеңестерге назар аударуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бұл қызмет сынақ режимінде жұмыс істеп тұр. Келешекте ол күнделікті қызметтік тапсырмаларды орындауға және әкімшілік жүктемені азайтуға арналған ЖИ-көмекшінің бір бөлігіне айналады.

ЖИ-құралдарын қолданудың екінші бағыты – процестер бірыңғай деректерге, өлшемдер мен ережелерге негізделі алатын салаларда енгізу. Бұл адам факторының әсерін азайтуға және қабылданатын шешімдердің негіздерін түсінікті әрі тексерілетіндей етуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде процестердің ашықтығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Мұндай тәсілдер медициналық қызметтерді стратегиялық саппа алуға, медициналық көмек көлемін жоспарлауға және жеткізушілердің қызметіне мониторинг жасау кезінде қолданылуы мүмкін.

Жасанды интеллект үлкен ақпарат жиындырын салыстыруға, ауытқуларды анықтауға және талдамалық ұсыныстар қалыптастыруға көмектеседі. Бұл ретте шешімдер Қор мамандарының қатысуымен белгіленген тәртіпте қабылданатын болады.

Дамудың үшінші векторы – медициналық көмекке ақы төлеу кезіндегі ықтимал бұзушылықтарды анықтауға арналған антифрод-жүйеге ЖИ-құралдарын енгізу.

Жыл сайын Қор көрсетілген миллиондаған медициналық қызметтер туралы мәліметтерді өңдейді. Жедел әрі дәл мониторинг жүргізу үшін қолданыстағы формальды-логикалық бақылаулар деректерді талдау құралдарымен және жасанды интеллект технологияларымен толықтырылуда.

Атап айтқанда, машиналық оқытуды қолдана отырып, ұсынылатын қызметтердегі ауытқулардың тәуекелін бағалау моделдері әзірленуде. Олар медициналық көмекке ақы төленгенге

дейін бейтараптық көрсеткіштер мен ықтимал бұзушылықтарды табуға көмектеседі.

Міндеті – бұзушылықтарды орын алғаннан кейін емес, қаражат аударылғанға дейін анықтауға көшу. Бұл ретте толық автоматтандыру туралы сөз болып отырған жоқ. ЖИ деректерге бастапқы талдау жүргізеді, ал түпкілікті бағаны Қор мамандары береді.

Тағы бір бағыт – Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту. Оның міндеті медициналық көмекті жеткізушінің ықтимал тәуекелдерін алдын ала белгілеу, ал мониторинг пен төлем жүргізу тәртібі оның тәуекел-профиліне байланысты болатын тәуекелге бағдарланған модельге көшу.

Қордың Ситуациялық-талдамалық орталығы Nazarbayev University-мен бірлесіп тәуекелге бағдарланған модельдің критерийлері мен индикаторларын, сондай-ақ тәуекел-дәліздерінің шекараларын әзірлеуде.

Модель аясында үш тәуекел-дәлізі қарастырылған – Senim, Baqylau және Qauir. Олар тәуекелге бағдарланған мониторингтің негізіне айналады. Келесі кезеңде олардың мүмкіндіктерін жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологиялары есебінен күшейту жоспарлануда.

Әзірленіп жатқан модель жеткізушінің автоматты түрде тәуекелдің үш деңгейінің біріне жатқызады: төмен, орташа немесе жоғары.

Автоматты талдау нәтижелері түпкілікті шешім болмайды. Егер жеткізуші бағалау нәтижелерімен келіспесе, ол түсініктемелер, қарсылықтар мен растайтын құжаттарды ұсына алады. Олар қарастырылып, негіз болған жағдайда бағалау нәтижелері қайта қаралуы мүмкін.

Барлық ЖИ-құралдарына қауіпсіздік, сапа мен сүйемелдеуге қойылатын бірыңғай талаптар қолданылады. Жасанды интеллект ең алдымен деректерді өңдеу мен талдауға арналған көмекші құрал ретінде қарастырылады, ол адамның кәсіби шешімін алмастырмайды.

ЖИ-құралдарын енгізу 2029 жылға дейінгі «Digital Qazaqstan» ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізудің Жалпыұлттық стратегиясы шеңберінде іске асырылуда.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының

Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Айзере & Малика» ЖШС, 23.09.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысы Сырдария ауданында орналасқан Қызылорда-Жезказған автожолының 36-37 км учаскесіндегі кен орнында сазды өндіруден кейін жою жоспарына» "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша көпшілік алдындаталықлау түрінде ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> қалдыруға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Айзере & Малика" ЖШС, Қызылорда қаласы, Серапи Лапина-2 тұйығы, 10А үй, БСН: 100140009552, тел: 87051442444, почтасы: danekers6@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «Эко-Ресурс» ЖҚ, Қызылорда қ. Қайруллаева көшесі.19, тел: 87081553675

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8 708 155 36 75, e-mail: ecores2026@mail.ru.

ЖАО электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242) -60-53-62

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Айзере & Малика», уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения с 23.09.2026 г. в течении 10 рабочих дней на информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> проект раздел «Охрана окружающей среды» к Планировке участка на месторождении сульфитов на участке автодороги «Қызылорда-Жезказған 36-37 км», расположенного Сырдарыинском районе Кызылординской области».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности:ТОО «Айзере & Малика», г.Кызылорда, пр. Серапи Лапина-2, д.10А,БИН: 100140009552, тел: 87051442444, почта: danekers6@mail.ru

Разработчик проектной документации – ИП «Эко-Ресурс», г. Кызылорда, ул.Қайруллаева, 19, Тел.: 8 708 155 36 75

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8 708 155 36 75, e-mail: ecores2026@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау«Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы, Қайқы батыр көшесі №28 үйде орналасқан клуб ғимаратының күрделі жөндеу»жобасына өткізіледі.

Тапсырыс беруші: «Қалжан ахун ауылдық клубы»ҚМКҚ-і. Мекен-жайы:Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы, Қайқы батыр көшесі №28,БИН 140240002744, Тел.: 87757518510;

Құжаттаманы әзірлеуші: «КЭЛМОСС» ЖШС-і, Мекен-жайы: Қызылорда қ-сы, Сырдария м.а., Тәуелсіздік даңғылы 3үй /13п, БИН: 090440003272, Тел. 87714781343;

Ұсыныстар мен ескертулер қоғамдық тыңдау өтетін мерзім 2026 жыл қыркүйек айының24-нен бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Жоба бойынша құжаттама орналасуы және ұсыныстар мен ескертулер www.ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме публичного обсуждения проводятся по проекту «Капитальный ремонт здания клуба, расположенного по адресу: Сырдарыинский район, село Калжанахун, улица Қайқы батыра, дом №28».

Заказчик проекта – КТКП «Сельский клуб Калжан ахун аппарата акима сельского округа Калжан ахун», адрес: Кызылординская область, Сырдарыинский район, село Калжан ахун, улица Қайқы батыра, дом №28, БИН 140240002744, Тел.: 87757518510

Разработчик проекта – ТОО «КЭЛМОСС», Адрес:г.Кызылорда, мкр.Сырдария, пр.Тауелсиздик, 3, 13кв, БИН: 090440003272, Тел. 87714781343;

Замечания и предложения принимаются в период проведения общественных слушаний вперюд от 24 сентябряв течении 5 рабочих дней 2026 г;

Размещение документации по проекту, предложения и замечания принимаются на сайтеwww.ndbecology.gov.kz

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
**Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 күйілігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №202
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)